



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 13 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І**

Ипотекалық кредиттеу саласында қалыптасқан мәселені шешу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қабылдап жатқан шаралар туралы

2015 жылғы 19 ақпан

Алматы қ.

Мемлекет басшысының Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 11 ақпандағы кеңейтілген отырысының қорытындылары бойынша берген тапсырмасын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының Үкіметімен бірлесіп ипотекалық кредиттеу саласында қалыптасқан мәселелерді шешу үшін 130 млрд. теңге бөлу туралы шешім қабылдады. Бұл шешімді дайындауға «Нұр Отан» партиясы мен Алматы қаласының әкімдігі белсене қатысты. «Ипотекалық кредиттер мұрасынан арылу және расында да осыған мұқтаж адамдардың ипотекалық кредиттері бойынша борыштарын қайта құрылымдау мәселесін шешу қажет», - деді Нұрсұлтан Назарбаев отырыста.

Бөлінген қаражат проблемалық қарыз алушылардың борыштарын есептен шығаруды болжамайды. Ол ипотекалық кредиттерге қызмет көрсету талаптарын жеңілдетуге бағытталатын болады. Мәселені шешудің тетіктерін әзірлеуді, оның негізгі критерийлерін айқындауды Ұлттық Банк мүдделі мемлекеттік органдармен, «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ-мен, банктермен және қоғамдық бірлестіктермен бірлесе отырып жүзеге асыратын болады.

Борыштық жүктемені жеңілдетудің тетіктерін әзірлеу мәселесі бүгін Алматы қаласында сағат 11-де алғаш рет талқыланады.